

Жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі N 648 Жарлығы.

Ескерту. Жарлықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 11.04.2016 № 233 Жарлығымен.

Жеке тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен техниканың жетістіктері негізінде қалыптасуына, дамуына және кәсіби орнығуына қосқан елеулі үлесін ескере отырып және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына сәйкес қаулы етемін:

1. Мына жоғары оқу орындарына:
 - 1) Әл-Фараби атындағы ұлттық университетіне;
 - 2) Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне;
 - 3) Қазақ ұлттық аграрлық университетіне;
 - 4) Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетіне;
 - 5) С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетіне;
 - 6) Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына;
 - 7) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына;
 - 8) Қазақ ұлттық өнер университетіне;
 - 9) Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне;
 - 10) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына;
 - 11) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясына;
 - 12) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясына;
 - 13) Қазақ ұлттық хореография академиясына;
 - 14) Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетіне;
 - 15) Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетіне;
 - 16) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетіне ерекше мәртебе берілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 2003.09.26 N 1201, 2006.07.08 N 145 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.06.12 N 996; 04.05.2015 N 15; 26.08.2015 N 75; 18.02.2016 № 198; 11.04.2016 № 233; 27.04.2016 N 242 ; 28.02.2018 № 645; 25.12.2018 № 805; 15.01.2020 № 241 Жарлықтарымен.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) алып тасталды - ҚР Президентінің 11.04.2016 № 233 Жарлығымен;

2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қолдансын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 2006.07.08 N 145 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 04.05.2015 N 15; 18.02.2016 № 198; 11.04.2016 № 233 Жарлықтарымен.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 9 қаңтардағы N 1059 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК